



**"2018-2020 жылдарға арналған Бесқарағай ауылдық округінің бюджеті туралы"  
Бесқарағай аудандық мәслихатының 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 20/2-VI  
шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 21 желтоқсандағы № 33/2-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Бесқарағай аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 24 желтоқсанда № 5-7-150 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 35/3-VI шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 29.12.2018 № 35/3-VI шешімімен (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) .**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 9-1- бабының 2-тармағына, 109-1- бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына және "2018-2020 жылдарға арналған Бесқарағай ауданының бюджеті туралы" Бесқарағай аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 19/2-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Бесқарағай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 30 қарашадағы № 32/2-VI (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5-7-148 нөмірімен тіркелген) шешіміне сәйкес, Бесқарағай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2018-2020 жылдарға арналған Бесқарағай ауылдық округінің бюджеті туралы" Бесқарағай аудандық мәслихатының 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 20/2-VI (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5420 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2018 жылғы 22 қаңтарда жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. 2018-2020 жылдарға арналған Бесқарағай ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2018 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 56896,9 мың теңге, оның ішінде:  
салықтық түсімдер – 28921,0 мың теңге;  
салықтық емес түсімдер – 118,0 мың теңге;  
трансферттер түсімі – 27857,9 мың теңге;
- 2) шығындар – 56896,9 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 0,0 мың теңге, оның ішінде:  
бюджеттік кредиттер – 0,0 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0,0 мың теңге, оның ішінде:  
қаржы активтерін сатып алу – 0,0 мың теңге;  
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0,0 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0,0 мың теңге."

аталған шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы*

*Бесқарағай аудандық*

*мәслихатының хатшысы*

*М. Абылгазинова*

*Қ. Садықов*

Бесқарағай аудандық

мәслихатының

2018 жылғы 21 желтоқсандағы

№ 33/2-VI шешіміне қосымша

Бесқарағай аудандық

мәслихатының

2017 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 20/2-VI шешіміне 1 қосымша

## 2018 жылға арналған Бесқарағай ауылдық округінің бюджеті

Санаты					Барлық кірістер (мың теңге)
Сыныбы					
Кіші сыныбы					
Ерекшелігі					
				Атауы	
1	2	3	4	5	6
				I. Кірістер	56896,9
1				Салықтық түсімдер	28921,0

01		Табыс салығы	17628,0
	2	Жеке табыс салығы	17628,0
	02	Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	17628,0
04		Меншікке салынатын салықтар	11264,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар	386,0
	02	Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық	386,0
	3	Жер салығы	865,0
	02	Елді мекендер жерлеріне алынатын жер салығы	865,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	10013,0
	01	Занды тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	623,0
	02	Жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	9390,0
05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	29,0
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	29,0
	30	Сыртқы (көрнекі) жарнаманы аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер аумақтары арқылы өтетін республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі жарнаманы тұрақты орналастыру объектілерінде және аудандық маңызы бар қаладағы, ауылдағы, кенттегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте орналастырғаны үшін төлемақы	29,0
2		Салықтық емес түсімдер	118,0
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	118,0
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	118,0
	10	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістер	118,0
4		Трансферттер түсімі	27857,9
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	27857,9
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	27857,9
	01	Ағымдағы нысаналы трансферттер	918,9
	03	Субвенциялар	26939,0

Функционалдық топ			Сомасы (мың теңге)
	Функционалдық кіші топ		
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама		
		Атауы	
		II.Шығындар	56896,9
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	25527,4
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	25527,4
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	25527,4
		001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	25527,4
07		Тұрғын үй- коммуналдық шаруашылық	22800,0

3		Елді-мекендерді көркейту	22800,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	22800,0
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	11479,4
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	3580,9
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	7739,7
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	800,0
	1	Мәдениет саласындағы қызмет	400,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	400,0
	006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	400,0
	2	Спорт	400,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	400,0
	028	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шараларды өткізу	400,0
12		Көлік және коммуникация	4190,0
	1	Автомобиль көлігі	4190,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	4190,0
	013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	4190,0
13		Басқалар	3579,5
	9	Басқалар	3579,5
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3579,5
	040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	3579,5
		III. Таза бюджеттік кредиттеу	0,0
		Бюджеттік кредиттер	0,0
		IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
		Қаржы активтерін сатып алу	0,0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
		V. Бюджет тапшылығы (профициті)	0,0
		VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0,0